

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 9 маусымдағы N 940 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің ҚАУЛЫСЫ 1998 жылғы 1 желтоқсан N 1215

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызметін одан әрі реформалау бағдарламасы мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің оны жүзеге асыру жөніндегі шараларының жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 9 маусымдағы N 940 Р970940_ қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

аталған қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызметін одан әрі реформалау бағдарламасын іске асыру жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметі шараларының жоспарында:

реттік нөмірі 9 және 13-жолдар алынып тасталсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі